

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 64 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 653 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.22 № 653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 P011235_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 33, 433-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесінде:

4-тармақтың екінші және үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінішке мына құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) фотосуреті бар жеке іс парағы;
- 2) соңғы жұмыс орнынан үміткердің кәсіби білімін, оның іскерлік және адамгершілік қасиеттерін бағалауды қамтыған мінездеме;
- 3) жоғары заң білімі туралы дипломның нотариальды куәландырылған көшірмесі ;
- 4) еңбек кітапшасының немесе заңгерлік мамандығы бойынша жұмыс өтілін растайтын өзге де құжаттың нотариальды куәландырылған көшірмесі;
- 5) үміткердің өз қолымен жазған өмірбаяны;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі ;
- 7) үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамалар;
- 8) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша соттылығы және қозғалған қылмыстық ісінің жоқ екендігі туралы берілген анықтама.

"1), 2), 4), 5) тармақшаларда көрсетілген адвокаттық не нотариаттық

қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың ұсынған құжаттары Комиссия бекіткен құжаттарды тиісінше ресімдеу туралы талаптарға сәйкес б о л у ы т и і с . " ;

8-тармақтың екінші абзацындағы "5" деген сан "15" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аттестациялауға жіберілген үміткер аттестациялау өтетін орын, күні және уақыты туралы, оны өткізгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, аумақтық әділет органдары арқылы хабардар етіледі.";

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте үміткер өз қалауын жазбаша растауы тиіс.";

1 8 - т а р м а қ т а :

бірінші және екінші абзацтардағы "70" деген сан "65" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Егер дұрыс жауаптардың саны 60-тан 65-ке дейінгі пайызды құраса, Комиссия үміткердің қалауы бойынша 65-ке дейін жетпеген сан бойынша қосымша сұрақтар және қосымша екі сұрақ қоюға құқылы.

65 пайызға дейінгі жетпеген сан бойынша қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берген кезде үміткер тестілеуден өтті деп саналады.";

19-тармақтың екінші абзацындағы "Үміткерге дұрыс жауап беруі тиіс" деген сөздер "үміткер олардың ішінен екі сұраққа дұрыс жауап беруі тиіс" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

21-тармақтың бірінші абзацындағы "үміткерге" деген сөз "үміткердің талабы бойынша" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Тестілеуден өтпеген адам үш айдан ерте емес аттестацияға жіберу

туралы өтінішпен Комиссияға қайта жүгінуге құқылы.

Тестілеуден өткен, бірақ әңгімелесуден өтпеген адам бір айдан ерте емес, бірақ алғашқы әңгімелесу өткен күннен бастап алты айдан кешіктірмей әңгімелесуге қайта жіберу туралы өтінішпен Комиссияға жүгінуге құқылы. Бұл ретте тестілеуден қайта өту талап етілмейді.";

23-тармақтың екінші абзацындағы "Дәлелсіз себептермен" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК